

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки
Республики Казахстан**



Алматы қ.

29.04.2016 ж.

Баспасөз хабарламасы

**Алматыда Қазақстандағы балалар мен жастардың
ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту сұрақтары
талқыланады**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Алматы қаласы білім басқармасымен бірлесе, 2016 жылғы 29 сәуірде балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту сұрақтары бойынша Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Отырыс жұмысына ҚР білім және ғылым, инвестициялар және даму министрліктерінің, облыстар мен қалалардың әкімдіктері, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес құрылымдар, Алматы қ. Білім беру ұйымдары, Алматы қаласындағы АҚШ консулдығының өкілдері қатысады.

Сонымен қатар, 1.sabak.kz (“Almaty” бөлмесі) сайты арқылы онлайн режимінде Үндістан республикасының және Корей республикасының халықаралық сарапшылары қатысады.

Үйлестіру кеңесі қатысушыларына ЭКСПО-2017 (expo2017.edualmaty.kz) ұштастырылған ғылыми-техникалық шығармашылық пен робот техникасы бойынша ұйымдастырылған Ашық чемпионаттың көрмесін көруге мүмкіндік беріледі. «Энергия үнемдеу технологиялары», «Инженерлік шығармашылық жобалар», «Робототехника» номинациялары бойынша жобаларды қорғау ағылшын тілінде өткізіледі.

Сондай-ақ, Ашық чемпионатқа қатысушыларға «Интернет-кәсіпкерлік» шеберлік сабағы, смартфондарды бағдарламалау (Apple, Android), 3D-баспа және дизайн, робототехника (Lego, Arduino), фото- және видеографика бойынша жұмыстар ұйымдастырылып, өткізілетін болады.

Келесі мәселелерді талқылауға айрықша назар аударылады:

- ғылыми-техникалық шығармашылықты дамытудағы заманауи үрдістер;
- Қазақстандағы мектептік және студенттік кәсіпкерліктің проблемалары мен даму келешегі;

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі
010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

- оқушылардың кәсіпкерлік ойлау қабілетін дамыту.

- Қазақстанның стартап-индустриясы: өткені, қазіргі жағдайы және даму болашағы. Балалардың техникалық білімін дамыту жүйесінің маңызды аспектілерін талқылау баланың сан алуан қызығушылығын қанағаттандыру құқығын қамтамасыз етуге, сабақтан тыс іс-әрекетін ынталандыруға бағытталған бұдан кейінгі басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Үйлестіру кеңесі қатысушыларымен қорытынды ұсынымдар әзірленеді.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі нөмірлерге хабарласа аласыздар:

Астана қаласында: +7 (7172) 72 98 99, 8 (777) 526 36 08; e-mail: aiman.kamzina@mail.ru;

Алматы қаласында: +7 (7272) 48 54 38, 8 (777) 727 77 27; e-mail: andrey-06-029@mail.ru.